

«Әлеуметтік-кәсіпкерлік
«KOKSHE»
корпорациясы» АҚ
Директорлар кеңесінің
2026 жылғы «07» сәуірдегі
№ 176 шешімімен

**«Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы «KOKSHE» акционерлік қоғамының
активтерін иеліктен шығару қағидалары**

1-бөлім. Жалпы ережелер

1. Осы «Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы «KOKSHE» акционерлік қоғамының активтерін өткізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес активтерді иеліктен шығару мәселелері бойынша қатынастарды реттеу мақсатында әзірленді және оларды өткізу тәртібі мен шарттарын айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) **активтер** – материалдық және материалдық емес активтер, оның ішінде жылжымалы және жылжымайтын мүлік, ғимараттар, құрылыстар, аяқталмаған құрылыс объектілері, жабдықтар, жер учаскелері және өзге де мүлік, сондай-ақ кез келген құндағы басқа заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарындағы акциялар мен үлестер;

2) **өндірістік кешен** – тұйық өндірістік циклді білдіретін өндірістік мақсаттағы активтер;

3) **Компания** – «Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы «KOKSHE» акционерлік қоғамы;

4) **Активтерді қайта құрылымдау жөніндегі комиссия** – Компания Басқарма төрағасының бұйрығымен құрылатын активтерді қайта құрылымдау жөніндегі комиссия;

5) **Сенімгерлік басқаруға беру жөніндегі комиссия** – объектіні сенімгерлік басқаруға беру бойынша конкурсты ұйымдастыру және өткізу үшін Компания Басқарма төрағасының бұйрығымен құрылатын комиссия;

6) **ең төменгі баға** – актив сатылуы мүмкін емес баға, бұл ретте ол бастапқы (бастапқы сауда) құнының 50 пайызынан төмен болмауға тиіс;

7) **бастапқы (бастапқы сауда) бағасы** – сатушы дербес немесе тәуелсіз бағалаушының қорытындысы негізінде айқындайтын, сауда басталатын баға;

8) **активтерді аукцион арқылы сату** – ең жоғары бағаны ұсынған аукционға қатысушыға активті сату;

9) **жеңімпаз** – аукцион арқылы активті сату кезінде ең жоғары бағаны ұсынған қатысушы немесе Тендерлік комиссияның қорытындысы бойынша өткізілетін активті сатып алудың ең тиімді шарттарын ұсынған тендерге қатысушы, сондай-ақ сенімгерлік басқаруға беру жөніндегі тендерді өткізу кезінде ең төменгі сыйақы мөлшерін ұсынған тендерге қатысушы;

10) **сатып алушы** – Компаниямен жасалған активті сатып алу-сату шарты бойынша оның контрагенті болып табылатын, сауда-саттықтың жеңімпазы не тікелей атаулы сату кезінде сатып алушы болып табылатын жеке немесе заңды тұлға. Сатып алушылар Қазақстан Республикасының заңнамасында активтерді сатып алуға тыйым салынған тұлғаларды қоспағанда, әлеуетті сатып алушылар шеңбері шектелместен кез келген жеке және заңды тұлғалар, оның ішінде Компанияның және оның еншілес ұйымдарының қызметкерлері бола алады;

11) **Компанияның уәкілетті органы** – Қазақстан Республикасының заңнамасына және Компанияның құрылтай құжаттарына сәйкес оның активтерін сатуға байланысты мәселелер құзыретіне кіретін Компания органы;

12) **сауда-саттыққа қатысушы** – тендерге қатысу үшін белгіленген тәртіппен тіркелген немесе аукционға қатысу билетін алған жеке немесе заңды тұлға.

13) **сату бағасы** – аукцион арқылы өткізілген сауда-саттықтың нәтижесінде немесе тендер негізінде, сондай-ақ осы Қағидаларда айқындалған өзге тәртіппен белгіленетін активтің түпкілікті бағасы. Сату бағасы сауда-саттық нәтижелері туралы хаттамада және сатып алу-сату шартында тіркеледі;

14) **аукционшы** – аукцион өткізетін және тиісті аукциондық сауда-саттықты өткізу техникасын меңгерген жеке тұлға не Қоғам Басқармасы төрағасының бұйрығымен аукцион өткізуге тағайындалған қызметкер;

15) **сенімгерлік басқарушы** – егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, сенімгерлік басқару шартын жасасқан жеке және мемлекеттік емес заңды тұлғалар;

16) **құрылтайшының сенімгерлік басқарудан түсетін таза кірісі** – Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген сенімгерлік басқарушының өз қызметі туралы есебі негізінде айқындалатын, салық кезеңіндегі сенімгерлік басқарудан түскен кірістер мен шығыстар арасындағы оң айырма;

17) **сыйақы** – объектіні сенімгерлік басқаруға беру кезінде құрылтайшының сенімгерлік басқарудан түсетін таза кірісі есебінен сенімгерлік басқарушыға төленетін төлемдер;

18) **шарт** – баланс ұстаушы мен сенімгерлік басқарушы арасында жасалған объектіні сенімгерлік басқару шарты;

19) **бөліп төлеу** – сатып алынатын активтің құнын төлеу тәсілі, оған сәйкес сатып алушы актив құнының бір бөлігін бастапқы жарна ретінде төлейді, ал қалған соманы тараптар келіскен мерзім ішінде тең немесе өзге төлемдермен өтейді. Бөліп төлеу шарттары, оның ішінде бастапқы жарнаның мөлшері, мерзімі, төлем кестесі, міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету тәртібі, төлем талаптарын бұзғаны үшін тараптардың жауапкершілігі және өзге де талаптар сатып алу-сату шартында айқындалады.

3. Компания активтерді Қазақстан Республикасының заңнамасында, Жарғысында және осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен иеліктен шығарады.

4. Сатылуға жататын активті бағалау үшін Компания Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бағалау қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар бағалаушыны тартады.

5. Кейіннен сатып алу құқығымен/сатып алу құқығынсыз сенімгерлік басқаруға беру баланстық/бағалау құны негізінде жүзеге асырылады.

2-бөлім. Активтерді иеліктен шығару процесін ұйымдастыру және комиссияның өкілеттіктері

6. Активті иеліктен шығару аукцион, тендер өткізу, активті тауар биржасында сату арқылы не осы Қағидаларда көзделген жағдайларда мүдделі тұлғаға тікелей атаулы сату арқылы, сондай-ақ кейіннен сатып алу құқығымен/сатып алу құқығынсыз сенімгерлік басқаруға беру арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

Активтерді иеліктен шығару жөніндегі мәмілелер шеңберінде мына тұлғалар сатып алушы бола алмайды: Компанияның уәкілетті органының мүшелері, аукционшы, делдал, сондай-ақ олардың жақын туыстары (ата-аналары, жұбайы, аға-інілері, апа-сіңлілері, балалары) немесе қайын жұрты (жұбайының аға-інілері, апа-сіңлілері, ата-аналары және балалары), сондай-ақ олардың үлестес тұлғалары.

7. Активті иеліктен шығару тәсілін таңдау мынадай негізгі өлшемшарттар негізінде жүзеге асырылады:

1) активтерді сауда-саттық (аукцион немесе тендер) арқылы сату.

Активтерді аукцион арқылы сату сату бағасы жеңімпазды таңдаудың жалғыз өлшемшарты болған жағдайда қолданылады, бұл ретте аукцион өткізу әдістері: ағылшын немесе голланд әдістері болып табылады.

Бұл ретте аукцион мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында электрондық түрде өткізілуі мүмкін.

Активтерді тендер негізінде сату, әдетте, сату бағасынан басқа да жеңімпазды таңдаудың өзге өлшемшарттары маңызды болған жағдайларда қолданылады.

Аукцион немесе тендер арқылы активтерді иеліктен шығару кезінде сауда-саттыққа кемінде 2 қатысушының қатысуы міндетті.

2) тікелей атаулы сату осы Қағидалардың 6-тарауында көзделген жағдайларда қолданылады.

3) Активті тауар биржасында сату Қазақстан Республикасының тауар биржасы туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

4) «Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы «KOKSHE» акционерлік қоғамы қызметкерлерін кейіннен бөліп төлеу арқылы сатып алу құқығымен тұрғын үймен қамтамасыз ету, тұрғын үйге мұқтаждарды есепке қою және тұрғын үй жағдайларын жақсарту, сондай-ақ қызметтік тұрғын үй беру қағидаларының талаптарына сәйкес.

8. Активтерді қайта құрылымдау жөніндегі комиссия Компания Басқармасы төрағасының бұйрығымен бекітіледі.

9. Комиссия Компанияның активтерін иеліктен шығару жөніндегі Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің және Компания Басқармасының шешімдерінің орындалуын қамтамасыз етеді.

10. Комиссия кемінде бес адамнан тұруға тиіс. Комиссия құрамына міндетті түрде Компанияның жетекшілік ететін директоры, Компанияның бас бухгалтері және Компанияның өзге де қызметкерлері кіреді.

11. Активті сату туралы ұсыныс Компанияның құрылымдық бөлімшесі не Компания акционері немесе қатысушысы болып табылатын заңды тұлға тарапынан Активтерді қайта құрылымдау жөніндегі комиссияның қарауына енгізілуі мүмкін.

Сондай-ақ Активтерді қайта құрылымдау жөніндегі комиссия Компания әлеуетті сатып алушыдан ұсыныс алған жағдайда активті иеліктен шығару мәселесін қарай алады.

Активтерді қайта құрылымдау жөніндегі комиссия өз құзыреті шегінде шешім қабылдайды және мыналарды айқындайды:

1. иеліктен шығарылатын активті;

2. активті иеліктен шығару тәсілін. Активті сауда-саттық арқылы иеліктен шығару жағдайында сауда-саттықтың нысаны (аукцион немесе тендер) және аукцион өткізу әдісі (ағылшын немесе голланд) да айқындалады;

3. бастапқы (старттық) және ең төменгі бағаны (голланд әдісі қолданылған жағдайда);

4. кепілдік жарнаның мөлшерін белгілейді, бірақ ол бастапқы (старттық) бағаның **5 %-ынан кем болмауға тиіс.**

Активтерді қайта құрылымдау жөніндегі комиссияның шешімдері комиссия отырысының хаттамасымен рәсімделеді.

12. Құны Компания активтерінің жалпы құнының **он пайызынан аз** болатын Компания активтерін өткізу туралы шешімді Компанияның Басқармасы қабылдайды, құны Компания активтерінің жалпы құнының **он пайызынан жиырма бес пайызына дейінгі** активтерді өткізу туралы шешімді Компанияның Директорлар кеңесі қабылдайды, ал құны

Компания активтерінің жалпы құнының **жиырма бес және одан да көп пайызы** болатын активтерді өткізу туралы шешімді Компанияның Жалғыз акционері қабылдайды.

13. Әлеуетті сатып алушыларды ақпараттандыру және аукцион өткізудің ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында СПК-ның жауапты құрылымдық бөлімшесі активтерді өткізу туралы хабарландыруларды аукционның кезеңдері, тәсілдері және шарттары туралы ақпаратты көрсете отырып, СПК-ның жаңалықтар ресурстарында, сондай-ақ www.krisha.kz және басқа да интернет-платформаларда орналастырады.

14. СПК-ның жауапты құрылымдық бөлімшесі активтерді өткізуге жәрдемдесу мақсатында, оның ішінде маркетинг жүргізу, құжаттарды дайындау, әлеуетті сатып алушыларды іздеу және мәмілелер бойынша консультация беру үшін риелторларды және өзге де мамандарды көрсетілген қызметтері үшін шығындарды өтемей тартуға құқылы.

15. Бухгалтерлік есеп және есептілік жөніндегі құрылымдық бөлімше жауапты құрылымдық бөлімшеден қызметтік жазбаны алған күннен бастап **2 (екі) жұмыс күні** ішінде кейіннен сатып алу-сату шартын ресімдеу үшін бөліп төлеу бойынша есептеулерді ұсынады.

Көрсетілген есептеулер қосымша түрінде ресімделеді және сатып алу-сату шартының ажырамас бөлігі болып табылады.

16. Компанияның уәкілетті органы активтерді өткізу туралы шешім қабылдағаннан кейін Активтерді қайта құрылымдау жөніндегі комиссия активті иеліктен шығару тәсілін таңдау туралы шешім қабылдайды.

17. Компания аукционшының, сауда-саттықты (аукционды немесе тендерді) ұйымдастырушының функцияларын делдалға беруге құқылы. Бұл ретте олардың арасында мынадай талаптарды көздейтін шарт жасалады:

- 1)** өткізілетін активтер бойынша ақпараттық қамтамасыз ету, онда өткізілетін мүліктің тізбесі, активтің саны, бастапқы (старттық) және ең төменгі бағасы көрсетіледі;
- 2)** делдалға комиссиялық сыйақының мөлшері мен төлеу тәртібі;
- 3)** Компанияның қалауы бойынша өзге де талаптар.

3-бөлім. Активтерді иеліктен шығарудың ерекшеліктері

18. Компанияның уәкілетті органы заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарындағы акцияларды немесе қатысу үлестерін иеліктен шығару туралы шешім қабылдаған кезде заңды тұлғаның басқа қатысушыларының иеліктен шығарылатын акциялар мен қатысу үлестерін сатып алуға басым құқықтарын қамтамасыз ету бөлігінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген рәсімдер сақталуға тиіс.

Заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарындағы иеліктен шығарылатын акциялар мен қатысу үлестерін сатып алудың басым (артықшылықты) құқығы Қазақстан Республикасының заңнамасына және осындай заңды тұлғаның құрылтай құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

Компанияның еншілес және тәуелді ұйымдары қызметінің ерекшелігіне байланысты заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарындағы акциялар мен қатысу үлестері осы Қағидалардың **6-бөлімінде** көзделген тәртіппен тікелей атаулы сату арқылы өткізіледі.

Уәкілетті орган әлеуетті сатып алушыға аукцион немесе тендер нәтижелері бойынша айқындалатын активті (оның бір бөлігін) сату туралы шешім қабылдаған кезде, шешімде заңды тұлғаның активті (оның бір бөлігін) сатып алуға басым құқығы бар қатысушылары осы құқықтан бас тартқан жағдайда ғана сату жүзеге асырылатыны көрсетіледі.

Заңды тұлғаның қатысушылары активті осындай бағамен сатып алудан бас тартқан жағдайда, Компания уәкілетті органның шешімінде көрсетілген тұлғамен активті сатып алу-сату шартын жасасады.

19. Жеке тұрған ғимараттар, құрылыстар, аяқталмаған құрылыс объектілері (жылжымайтын мүлік) болып табылатын активтерді өткізу мүліктік кешен ретінде, яғни

жылжымайтын мүлікпен бірге оған бөлінген жер учаскесіне құқықтарды қоса отырып жүзеге асырылады.

Ғимараттың құрамына кіретін кіріктірілген үй-жайларда орналасқан активтер (жылжымайтын мүлік) бойынша жылжымайтын мүлік орналасқан жер учаскесінің бір бөлігіне құқықтарды бөлу жер учаскесі жер заңнамасына сәйкес бөлінетін санатқа жатқызылған жағдайда ғана жүргізіледі.

Компанияның меншігіндегі жылжымайтын мүлік пен жер учаскесінің құны тәуелсіз бағалаушымен жеке-жеке бағаланады.

Өткізуге жататын жылжымайтын мүлік бөлінбейтін жер учаскесінде орналасқан жағдайда, сату шарттарында жер учаскесін ортақ пайдалану тәртібі (кондоминиум) көзделеді.

4-бөлім. Аукциондарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі

1-тарау. Жалпы ережелер

Компания активтерін өткізу мынадай тәсілдердің бірімен жүзеге асырылады:

- 1.** Тізілімнің веб-порталында аукцион өткізу арқылы;
- 2.** Тікелей атаулы сату арқылы;
- 3.** Акмола облысы әкімдігінің тиісті қаулысы болған жағдайда акцияларды кері сатып алу немесе сыйға тарту шеңберінде активтерді беру арқылы.

2-тарау. Аукцион өткізуге дайындық

20. Активтерді аукцион арқылы сату шарттарын айқындау осы Қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады. Активтерді электрондық аукцион арқылы сату шарттарын айқындау мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында мүлікті сату жөніндегі электрондық сауда-саттықты өткізу регламентіне сәйкес жүзеге асырылады.

21. Активті аукционнан сату туралы хабарландыру аукцион өткізілетін күнге дейін кемінде **15 күнтізбелік күн бұрын** мемлекеттік және орыс тілдерінде республикалық немесе облыстық (актив орналасқан жер бойынша) ресми баспа басылымдарында жарияланады.

22. Алдағы аукцион туралы хабарландыруда мынадай мәліметтер қамтылуға тиіс:

- 1)** аукцион арқылы сатуға ұсынылатын актив туралы мәліметтер;
- 2)** активтің бастапқы (старттық) бағасы;
- 3)** аукцион өткізілетін күні, уақыты және орны;
- 4)** сатып алынатын актив бойынша төлем шарттары;
- 5)** сауда-саттыққа қатысушының кепілдік жарнаны енгізу мөлшері, мерзімі және тәртібі;
- 6)** аукционға қатысуға өтінімдерді қабылдау мекенжайы, уақыты және мерзімі;
- 7)** сату объектісімен танысу күні, уақыты және тәртібі;
- 8)** өзге де мәліметтер.

3-тарау. Аукционға қатысу шарттары

23. Аукционға жеке және заңды тұлғалар қатысуға жіберіледі.

24. Мыналар аукционға қатысушылар бола алмайды:

1) бұрын Компания өткізген аукциондар мен тендерлердің жеңімпаздары болып, сатып алу-сату шартын жасасу және орындау жөніндегі тиісті міндеттемелерін орындамаған тұлғалар;

2) Компанияның уәкілетті органының мүшелері, аукционшы, делдал, сондай-ақ олардың жақын туыстары (ата-аналары, жұбайы, аға-інілері, апа-сіңлілері, балалары) немесе қайын жұрты (жұбайының аға-інілері, апа-сіңлілері, ата-аналары және балалары).

25. Аукцион арқылы өткізілетін активті сатып алуға ниет білдірген әлеуетті қатысушылар аукцион басталғанға дейін **3 күннен кешіктірмей** Компанияға қатысуға өтінім мен кепілдік жарнаның енгізілгенін растайтын төлем тапсырмасын ұсынуға тиіс.

Әлеуетті аукцион қатысушыларын тіркеуді аукционшы сауда-саттықтың әлеуетті қатысушыларын тіркеу журналында жүргізеді.

26. Аукционға қатысушы ретінде тіркелу үшін мыналар ұсынылады:

- 1) еркін нысанда ресімделген аукционға қатысу туралы өтінім;
- 2) жеке басын куәландыратын құжат;
- 3) кепілдік жарнаның енгізілгенін растайтын төлем құжатының түпнұсқасы мен көшірмесі;
- 4) өкілдің өкілеттігін растайтын құжат.

Заңды тұлғалар қосымша жарғының (енгізілген барлық өзгерістер мен толықтыруларымен бірге) және заңды тұлғаны тіркеу туралы куәліктің/анықтаманың көшірмелерін ұсынады.

27. Кепілдік жарнаны қатысушы Компанияның тиісті банктік шотына ақша аудару арқылы енгізеді.

28. Кепілдік жарна мынадай жағдайларда қайтарылмайды:

- аукцион жеңімпазы сатып алу-сату шартын жасасудан бас тартқан жағдайда (заңды тұлға – серіктестіктің қатысушысы (қатысушылары) басым сатып алу құқығын жүзеге асырғаннан кейін қалған активтің бір бөлігін сатып алудан жеңімпаз бас тартқан жағдайды қоспағанда);
- аукцион өткізу тәртібі бұзылып, аукционшының шешімімен қатысушы шығарылған жағдайда.

Сатып алушы енгізген кепілдік жарнаның сомасы Компаниямен түпкілікті есеп айырысу кезінде мәміленің жалпы сомасына есептеледі.

Қалған барлық жағдайларда кепілдік жарна сауда-саттық нәтижелері туралы хаттамаға сәйкес сауда-саттық қорытындылары шығарылған күннен бастап **15 банктік күн** ішінде қайтарылады.

29. Компания немесе аукционшы аукционға қатысушылар үшін буклет дайындайды, онда мынадай мәліметтер қамтылады:

- 1) қатысушының аукциондағы нөмірі;
- 2) қатысушы қатысатын активтің (объектінің) атауы;
- 3) аукцион өткізу шарттары.

Аукцион билетін сауда-саттық барысында басқа тұлғаның пайдалануына жол берілмейді.

30. Әлеуетті қатысушылар Компания немесе аукционшы сауда-саттық басталғанға дейін беретін билетті алған сәттен бастап аукционға қатысушы мәртебесіне ие болады.

31. Аукционға қатысушының құқығы бар:

- 1) аукционға қатысуға өкілдің өкілеттігін растайтын тиісті сенімхатты ұсына отырып, сауда-саттыққа жеке өзі немесе өз өкілдері арқылы қатысуға;
- 2) аукционға шығарылған актив туралы қосымша мәліметтер мен түсіндірмелерді тегін алуға;
- 3) аукционға шығарылатын активпен алдын ала танысуға;
- 4) өз құқықтары бұзылған жағдайда сотқа жүгінуге;
- 5) аукционға қатысу туралы өтінімін кемінде **төрт күнтізбелік күн бұрын** жазбаша түрде хабарлай отырып қайтарып алуға.

32. Компания өз қалауы бойынша ақылы кіруді белгілеп, аукционға қатысушы болып табылмайтын тұлғалар үшін кіру билетінің санын және құнын айқындауға құқылы. Кіру билеттерінің құны Компанияның банктік шотына ақша аудару арқылы төленеді.

Аукционға қатысушылар кіру ақысынан босатылады және аукционға қатысушы билеттері бойынша өткізіледі.

4-тарау. Аукцион өткізу тәртібі

33. Егер аукционға кемінде екі қатысушы қатысса, аукцион өтті деп танылады.

34. Аукциондағы сауда-саттықты аукционшы жүргізеді.

Аукционға Компания өкілдерінің қатысуы міндетті.

35. Аукцион аукционшының оны өткізу қағидаларын, сату объектісін, оның қысқаша сипаттамасын, бастапқы (старттық) бағасын, бағаны өзгерту қадамын және сауда-саттық өткізу әдісін жариялауынан басталады.

Сауда-саттыққа шығарылатын активтердің кезектілігі сату туралы хабарландыруда белгіленген тәртіпке сәйкес келуге тиіс.

36. Қатысушылар мен қатысып отырған тұлғалардың аукционның барысына ықпал етуге немесе аукционшы жариялаған өткізу қағидаларын бұзуға құқығы жоқ, кері жағдайда олар аукционшының шешімі бойынша аукцион өткізілетін залдан шығарылуы мүмкін.

37. Сауда-саттық төменде сипатталған екі әдістің бірімен өткізіледі:

1) Ағылшын әдісі бойынша (бағаны көтеру арқылы) мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында (Е-Қазына) электрондық аукцион өткізу арқылы.

Электрондық аукцион барысында қатысушылар активтің бастапқы (старттық) бағасын белгіленген бағаны көтеру қадамына сәйкес біртіндеп арттырады. Сауда-саттық аяқталған сәтте ең жоғары бағаны ұсынған қатысушы жеңімпаз болып танылады.

Бірінші аукцион активтің бастапқы (старттық) бағасын кемінде екі бағаны көтеру қадамына арттырған кемінде екі қатысушы болған жағдайда өтті деп есептеледі.

2) Голланд әдісі бойынша (бағаны төмендету арқылы) мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында (Е-Қазына) электрондық аукцион өткізу арқылы.

Электрондық аукцион барысында активтің бастапқы (старттық) бағасы қатысушылардың бірі ағымдағы бағаны қабылдаған сәтке дейін белгіленген қадам бойынша автоматты түрде төмендетіледі. Жарияланған баға бойынша активті сатып алуды бірінші болып растаған қатысушы жеңімпаз болып танылады.

Егер өткізу бағасының ең төменгі деңгейіне (активтің бастапқы (старттық) бағасының 50 пайызынан төмен емес) жеткен кезде қатысушылардың ешқайсысы активті сатып алуды растамаса немесе екінші аукцион өтпеді деп танылса, мұндай актив осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен тікелей сатылуға жатады.

Егер активті сатып алуды бір мезгілде екі немесе одан көп қатысушы растаса, жеңімпаз мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында (Е-Қазына) мүлікті сату жөніндегі электрондық сауда-саттықты өткізу регламентіне сәйкес айқындалады.

38. Аукционшы әрбір өткізілген аукцион бойынша сауда-саттық нәтижелерін хаттамамен рәсімдейді, оған Компания өкілдері, аукционшы және жеңімпаз **үш күнтізбелік күн ішінде** қол қояды.

39. Сауда-саттық нәтижелері туралы хаттама сауда-саттықтың нәтижелерін және жеңімпаз бен сатушының активті сату бағасы бойынша сатып алу-сату шартын жасасу жөніндегі міндеттемелерін тіркейтін құжат болып табылады.

Хаттамада жеңімпазды қоспағанда аукционға қатысушыларға кепілдік жарнаны қайтару туралы шешім (қайтарылуға жататын кепілдік жарнаның сомасы мен қатысушының атауы көрсетіле отырып), сатушы, аукционшы және жеңімпаз туралы мәліметтер, активтің атауы, бастапқы (старттық) және сату бағасы, сондай-ақ тараптардың сатып алу-сату шартына қол қою жөніндегі міндеттемелері, оның ішінде тараптар шарт жасасуға міндеттенетін мерзім және жеңімпаздың сатып алу-сату шартына қол қоюдан бас тартқаны үшін жауапкершілігі көрсетіледі.

4.1. Тікелей атаулы сату

Егер актив бағаны көтеру әдісімен өткізілетін бірінші аукционның нәтижелері бойынша сатылмаған жағдайда, Компания активті бағаны төмендету әдісімен өткізілетін

аукционға шығарғанға дейін активті оның бағалау құнынан төмен емес баға бойынша сатып алу-сату шартын жасасу арқылы тікелей сатуға құқылы.

Тікелей сату кезінде сатып алушы сатып алу-сату шартын жасасу алдында активті өткізу бағасының кемінде 20 (жиырма) пайызы мөлшерінде бастапқы жарна енгізуге міндетті. Актив құнының қалған сомасы 100 (жүз) айға дейінгі мерзімге бөліп төлеу арқылы төленуі мүмкін.

Активке меншік құқығы меншік құқығының ауысуын мемлекеттік тіркеу сәтінен бастап сатып алушыда туындайды. Бұл ретте сатып алушы активтің құнын төлеу жөніндегі міндеттемелерін толық орындағанға дейін актив сатып алушының сатып алу-сату шарты бойынша міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету үшін Компанияда кепілде болады. Кепіл шарты Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда ресімделуге және мемлекеттік тіркеуге жатады.

Тікелей сату шарттары, оның ішінде өткізу бағасы, бастапқы жарна мөлшері, бөліп төлеуді ұсыну мерзімі мен тәртібі, сатып алушының міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету шарттары тараптардың келісімі бойынша айқындалады және сатып алу-сату шартында бекітіледі.

Активті тікелей сату туралы ақпарат, оның ішінде өткізу бағасы, бастапқы жарна мөлшері, бөліп төлеу шарттары, өтінімдерді беру мерзімдері мен тәртібі Компанияның ресми интернет-ресурсында жариялануға жатады.

Тікелей сатуға қатысуға өтінімдерді қабылдау тиісті ақпарат Компанияның ресми интернет-ресурсында жарияланған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырылады: АО «Социально-предпринимательская корпорация «KOKSHE» — <https://www.spkkokshe.kz/>.

Конкурсқа қатысушыларды тіркеу хабарландыру жарияланған күннен бастап жүзеге асырылады және конкурс басталғанға дейін 2 (екі) сағат бұрын аяқталады.

Әлеуетті қатысушы өтінімді конвертке салып, оны хабарландыруда белгіленген мерзім ішінде АО «Социально-предпринимательская корпорация «KOKSHE»-ға жібереді.

5-бөлім. Тендерді ұйымдастыру және өткізу тәртібі

1-тарау. Тендерді өткізуге дайындық

40. Активтерді тендер негізінде сату шарттарын айқындау осы Қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.

Тендер шарттары ретінде, әдетте, белгілі бір уақыт ішінде активтің қызмет бейінін, персонал санын және басқа да талаптарды сақтау белгіленуі мүмкін.

41. Тендерді ұйымдастыру және өткізу Компания Басқармасы төрағасының бұйрығымен құрылған Тендерлік комиссия арқылы жүзеге асырылады.

Тендерлік комиссия мүшелерінің жалпы саны кемінде **5 адамнан** тұруға және тақ сан болуға тиіс. Тендерлік комиссияның құрамына міндетті түрде Басқарма төрағасының жетекшілік ететін орынбасары, Компанияның қаржы және заң қызметтерінің қызметкерлері енгізіледі.

Тендерлік комиссия өткізілетін активтің түріне қарай Компанияның басқа құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлерін өз жұмысына тарта алады.

Тендерлік комиссияның төрағасы Компания Басқармасының бірінші басшысының орынбасарынан төмен емес лауазымды тұлға болып табылады, ол Тендерлік комиссияның қызметіне басшылық жасайды, оның отырыстарына төрағалық етеді, жұмысын жоспарлайды, қабылданған шешімдердің орындалуына жалпы бақылауды жүзеге асырады және оның қызметіне жауапты болады. Төраға болмаған кезде оның функцияларын орынбасары орындайды.

Тендерлік комиссияның хатшысы болып активтерді басқару мәселелеріне жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшенің қызметкері тағайындалады, ол Тендерлік комиссияның мүшесі болып табылмайды.

Тендерлік комиссияның хатшысы тендерге қатысушыларға өткізілетін актив туралы ақпарат береді, тендерге қатысушыларды тіркеу журналын жүргізеді, онда қатысушының атауы, мекенжайы, телефон және факс нөмірі көрсетіледі. Қатысушылардан тендерлік ұсыныстары бар конверттерді қабылдайды, журналда оларды ұсыну күні мен уақытын, конверттерді тапсырған қатысушының уәкілетті өкілінің тегін, атын және әкесінің атын тіркейді. Тендерлік комиссия отырысының күн тәртібі бойынша ұсыныстарды, қажетті құжаттар мен материалдарды дайындайды және отырыс өткізілгеннен кейін хаттаманы ресімдейді.

Тендерлік комиссияның шешімі ашық дауыс беру арқылы қабылданады және егер оған комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілігі дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі. Дауыстар тең болған жағдайда Тендерлік комиссия төрағасы дауыс берген шешім қабылданды деп есептеледі.

Тендерлік комиссияның мүшесі Тендерлік комиссияның шешімімен келіспеген жағдайда ерекше пікір білдіруге құқылы, ол жазбаша түрде баяндалып, Тендерлік комиссия отырысының хаттамасына қоса беріледі.

42. Активтерді тендер арқылы өткізу кезінде кемінде **екі қатысушының** қатысуы қажет. Егер тендерге екіден аз қатысушы қатысса немесе ұсынылған барлық тендерлік ұсыныстар қабылданбаса, Тендерлік комиссия тендерді өтпеді деп жариялайды.

Егер жарияланған тендер өтпеді деп танылса, Тендерлік комиссия жазбаша өтініш арқылы Компанияның Қайта құрылымдау жөніндегі комиссиясына:

- 1) қайта тендер өткізуге;
- 2) активті өткізудің басқа тәсілін қолдануға ұсыныс енгізуге құқылы.

43. Тендер өткізу туралы хабарландырулар актив орналасқан жер бойынша республикалық немесе облыстық ресми баспа басылымдарында мемлекеттік және орыс тілдерінде тендерлік ұсыныстарды қабылдау аяқталатын күнге дейін **кемінде 10 күнтізбелік күн бұрын** жарияланады.

Алдағы тендер туралы хабарландыруда мынадай мәліметтер көрсетілуге тиіс:

- 1) Компанияның атауы және орналасқан жері;
- 2) тендер негізінде сатуға ұсынылатын актив туралы мәліметтер;
- 3) кепілдік жарнаның мөлшері, оны енгізу мерзімдері және Компанияның банктік деректемелері;
- 4) тендерлік ұсыныстарды ұсыну орны, уақыты және соңғы мерзімі, сондай-ақ тендерлік ұсыныстары бар конверттерді ашудың орны, күні және уақыты;
- 5) сатылатын актив туралы ақпарат алуға және онымен танысуға болатын мекенжай;
- 7) Тендерлік комиссияның қалауы бойынша өзге де мәліметтер.

2-тарау. Тендерге қатысу шарттары

44. Тендерге мынадай біліктілік талаптарына сәйкес келетін жеке және заңды тұлғалар жіберіледі:

- 1) сатып алу-сату шартын жасасу үшін азаматтық құқық қабілеттілігіне ие болуы;
- 2) төлем қабілетті болуы, ал заңды тұлға тарату сатысында болмауы, оның мүлкіне тыйым салынбауы және оның қаржы-шаруашылық қызметі заңнамада белгіленген тәртіппен тоқтатылмауы тиіс;
- 3) тендерлік құжаттамада белгіленген өзге де талаптарға сәйкес келуі.

45. Мыналар тендерге қатысушылар бола алмайды:

- 1) сатып алу-сату шартын жасасу және орындау жөніндегі тиісті міндеттемелерін орындамаған бұрынғы аукциондар мен тендерлердің жеңімпаздары;

2) Компанияның уәкілетті органының мүшелері, Тендерлік комиссияның мүшелері, тендерді ұйымдастырушылар, сондай-ақ олардың жақын туыстары (ата-аналары, жұбайы, аға-інілері, апа-сіңлілері, балалары) немесе қайын жұрты (жұбайының аға-інілері, апа-сіңлілері, ата-аналары және балалары).

46. Тендер негізінде өткізілетін белгілі бір активті сатып алуға ниет білдірген қатысушылар Тендерлік комиссия төрағасының атына уәкілетті тұлға қол қойған жазбаша тендерлік ұсыныстарын кепілдік жарнаның енгізілгенін растайтын төлем құжатын қоса бере отырып ұсынуға тиіс.

47. Қатысушылар тендерлік ұсыныстарын мөрленген конвертпен Тендерлік комиссияға тендерлік ұсыныстарды ұсынудың соңғы мерзімі аяқталғанға дейін береді.

Тендерлік ұсыныстарды қабылдаудың соңғы мерзімі өткеннен кейін келіп түскен ұсыныстар қабылданбайды және оларды ұсынған қатысушыға қайтарылады.

48. Кепілдік жарна қатысушының Компанияның тиісті банктік шотына ақша аударуы арқылы енгізіледі.

49. Кепілдік жарна мынадай жағдайларда қайтарылмайды:

1) тендер жеңімпазы сатып алу-сату шартын жасасудан бас тартқан жағдайда (заңды тұлға – серіктестіктің қатысушысы (қатысушылары) басым сатып алу құқығын жүзеге асырғаннан кейін қалған активтің бір бөлігін сатып алудан бас тартқан жағдайды қоспағанда);

2) қатысушы тендерлік ұсынысынан (өтінімінен) бас тартқан немесе тендерлік өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі өткеннен кейін және тендер мерзімі аяқталғанға дейін оны өзгерткен жағдайда.

Сатып алушы енгізген кепілдік жарнаның сомасы Компаниямен түпкілікті есеп айырысу кезінде мәміленің жалпы сомасына есептеледі.

Қалған барлық жағдайларда кепілдік жарна тендер қорытындылары шығарылған күннен бастап **15 банктік күн ішінде** қатысушыларға қайтарылады.

3-тарау. Тендерлік ұсыныстары бар конверттерді ашу және оларды бағалау

50. Тендерлік комиссия тендерлік ұсыныстары бар конверттерді тендер өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген күні, уақытта және мекенжайда ашады, бұл туралы комиссия мүшелері қол қоятын конверттерді ашу хаттамасы жасалады.

Конверттерді ашу кезінде тендерлік ұсыныстарды ұсынған және тендерлік құжаттамада белгіленген тәртіппен тіркелген қатысушылар (немесе заңнамада белгіленген тәртіппен ресімделген сенімхат болған жағдайда олардың уәкілетті өкілдері) қатыса алады.

51. Тендерлік ұсыныстарды егжей-тегжейлі бағалауды жүргізгенге дейін Тендерлік комиссия олардағы мәліметтердің толықтығын, дұрыстығын және анықтығын тексереді.

Тендерлік комиссия оларды қарауды жеңілдету мақсатында тендерлік ұсыныс ұсынған қатысушыдан оның тендерлік ұсынысына қатысты түсіндірме сұратуға құқылы. Бұл ретте тендерлік ұсынысты тендерлік құжаттама талаптарына сәйкестендіру үшін, оның ішінде бағаны өзгертуге қатысты қандай да бір сұрау салуға жол берілмейді.

52. Тендерлік комиссия қатысушының тендерлік ұсынысын мынадай жағдайларда қабылдамайды:

1) тендерлік ұсыныс берген қатысушы осы Қағидалардың **41-тармағында** белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келмесе;

1) қатысушы кепілдік жарнаны енгізбесе;

2) ұсыныс тендерлік құжаттаманың талаптарына сәйкес келмесе.

53. Тендерлік комиссия тендерлік өтінімдерді бағалайды және салыстырады, сондай-ақ ең жоғары баға және бағалық фактордан басқа тендерлік құжаттамада қамтылған өзге де өлшемшарттарды ескере отырып жеңімпазды айқындайды. Тендерлік ұсыныстарды бағалау жүйесі тендерлік құжаттамамен айқындалады. Тендерлік комиссия тендер қорытындыларын

тендерлік өтінімдері бар конверттер ашылған күннен бастап **5 жұмыс күнінен аспайтын мерзімде** шығарады.

Егер тендерде екі немесе одан да көп қатысушының ұсыныстары бірдей бағаны қамтыса және тендердің қалған шарттарына сәйкес келсе, онда олардың арасында жеңімпазды айқындау үшін тендерлік құжаттамада белгіленген тәртіппен ағылшын әдісі қолданылатын аукцион өткізіледі.

54. Тендер қорытындылары хаттамамен рәсімделеді. Хаттама тендер нәтижелерін және жеңімпаз бен Компанияның тендер арқылы айқындалған талаптарда активті сатып алу-сату шартын жасасу жөніндегі міндеттемелерін тіркейтін құжат болып табылады.

Хаттамада жеңімпазды қоспағанда тендерге қатысушыларға кепілдік жарнаны қайтару туралы шешім (қайтарылуға жататын кепілдік жарнаның сомасы мен қатысушының атауы көрсетіле отырып), активтің атауы, жеңімпаз туралы ақпарат, активтің бастапқы (старттық) бағасы мен сату бағасы, сондай-ақ тараптардың сатып алу-сату шартына қол қою жөніндегі міндеттемелері, оның ішінде шартқа қол қою мерзімі және жеңімпаздың сатып алу-сату шартына қол қойудан бас тартқаны үшін жауапкершілігі көрсетіледі.

Тендер өтпеді деп танылған жағдайда Тендерлік комиссия тендерге қатысу үшін тендерлік ұсыныстар ұсынған барлық қатысушыларға тендердің өтпеді деп танылуына негіз болған себепті көрсете отырып, бірақ сол негіздердің дұрыстығын дәлелдемей, жазбаша хабарлама жібереді.

55. Тендер нәтижелері бойынша Компания тендер жеңімпазына оның тендерлік ұсынысының жеңімпаз болып танылғаны туралы тендер қорытындылары шығарылған күннен бастап **3 күнтізбелік күн ішінде** жазбаша түрде (тапсырыс хатпен, жеделхатпен немесе факс арқылы) хабарлайды.

6-бөлім. Тікелей атаулы сатуды жүзеге асыру тәртібі

56. Активтерді тікелей атаулы сатуды Компания мынадай жағдайларда жүзеге асырады:

1) заңды тұлғаның қатысушысына, ол қатысушылардың бірі өз үлесін немесе оның бір бөлігін сатқан кезде үшінші тұлғалар алдында қатысушының үлесін немесе оның бір бөлігін сатып алуға басым құқықты пайдаланатын жағдайда. Мұндай құқықты әрбір қатысушы пайдалана алады;

2) тендер немесе аукцион өтпей қалған жағдайда;

3) кейіннен сатып алу құқығымен бір жылдан астам мерзімге жалға берілген немесе кейіннен сатып алу құқығымен сенімгерлік басқаруға берілген активтер бойынша. Жалға беру шарттары, оның ішінде мерзімі, жалдау ақысының мөлшері, сатып алу құқығының болуы немесе болмауы, сатып алу тәртібі мен талаптары (сатып алу құқығымен жалға беру кезінде), сондай-ақ өзге де елеулі талаптар жалдау шартында айқындалады;

4) Компанияның жалғыз құрылтайшысының шешімі бойынша сатып алу-сату шартын жасасу арқылы.

57. Тікелей атаулы сату жүзеге асырылған кезде жеке және заңды тұлғалар мынадай біліктілік талаптарына сәйкес келуге тиіс:

1) сатып алу-сату шартын жасасу үшін азаматтық құқық қабілеттілігіне ие болуы;

2) банктен ақшалай қаражаттың бар екендігі туралы үзінді көшірмені ұсына отырып төлем қабілетті болуы;

3) Компания белгілеген өзге де талаптарға сәйкес келуі.

58. Тікелей атаулы сату кезінде актив тәуелсіз бағалаушы айқындаған баға бойынша сатып алу-сату шартын жасасу арқылы иеліктен шығарылады.

3) Тікелей атаулы сату шарты ретінде белгілі бір уақыт ішінде активтің қызмет бейінін, персонал санын сақтау және Компания айқындаған өзге де талаптар белгіленуі мүмкін.

7-бөлім. Сатып алушылармен есеп айырысу тәртібі және меншік құқығын ресімдеу

59. Компания мен сатып алушы арасындағы сатып алу-сату шарты бойынша есеп айырысу сатып алу-сату шартында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

Компания мен оның үлестес тұлғалары арасында сатып алу-сату шарты жасалған кезде соңғыларына төлемді бөліп төлеу ұсынылуы мүмкін.

60. Акция пакеттері мен қатысу үлестерін қоспағанда, актив сатып алушы сатып алу-сату шарты бойынша сату бағасын толық төлегеннен кейін активті қабылдау-беру актісіне қол қою арқылы беріледі. Жылжымайтын мүлікті иеліктен шығару кезінде қабылдау-беру актісі сатылған активке меншік иесінің өзгеруін мемлекеттік тіркеуге негіз болып табылады.

61. Егер сатып алу-сату шартында сатып алушының сату бағасын төлеу жөніндегі міндеттемелерінен басқа белгілі бір уақыт аралығында орындалуға тиіс өзге де міндеттемелері көзделсе, онда міндеттемелердің уақтылы орындалуын қамтамасыз ету ретінде Компанияның сатып алушы сатып алған активке кепіл құқығы пайдаланылуы мүмкін.

62. Активтерге меншік құқығы сатып алушыда Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен мәміле тіркелген сәттен бастап туындайды.

63. Егер сатып алушы аукцион немесе тендер қорытындылары туралы хаттамада белгіленген мерзімде шартқа қол қоймаса немесе жасалған шарт сатып алушының міндеттемелерді орындамауына байланысты бұзылса, Компания ұсынысы аукцион немесе тендер жеңімпазының ұсынысынан кейінгі ең тиімді болып табылатын басқа қатысушымен шарт жасасуға немесе жаңа аукцион не тендер өткізуге құқылы. Бұл ретте жеңімпазға кепілдік жарна қайтарылмайды.

64. Тараптардың сатып алу-сату шартына сатып алушыны таңдауға негіз болған тендер немесе аукцион шарттарынан өзгеше талаптарды енгізуге құқығы жоқ.

8-бөлім. Сенімгерлік басқаруға беру тәртібі

65. Активтерді сенімгерлік басқаруға беру туралы шешімді Қоғамның Директорлар кеңесі қабылдайды.

66. Сенімгерлік басқаруға беру Қоғам Басқармасының шешімі бойынша мынадай негізгі өлшемшарттар негізінде жүзеге асырылады:

1) конкурс өткізу немесе шартты тікелей жасасу арқылы;

2) кейіннен сатып алу құқығымен немесе кейіннен сатып алу құқығынсыз.

67. Сенімгерлік басқаруға беру жөніндегі комиссияның құрамы, Комиссия төрағасы және хатшысы Қоғам Басқармасы төрағасының бұйрығымен бекітіледі.

68. Комиссия Қоғам активтерін сенімгерлік басқаруға беру жөніндегі Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің және Қоғам Басқармасының шешімдерін орындауды қамтамасыз етеді.

69. Комиссия кемінде бес адамнан тұруға тиіс. Комиссия құрамына міндетті түрде Қоғам Басқармасы төрағасының жетекшілік ететін орынбасары, бас бухгалтер және Қоғамның өзге де қызметкерлері кіреді.

70. Активті сенімгерлік басқаруға беру туралы ұсынысты Қоғамның құрылымдық бөлімшесі немесе Қоғам акционері не қатысушысы болып табылатын заңды тұлға Комиссияның қарауына енгізе алады.

Сондай-ақ Сенімгерлік басқаруға беру жөніндегі комиссия Қоғам әлеуетті сенімгерлік басқарушыдан ұсыныс алған жағдайда активті сенімгерлік басқаруға беру мәселесін қарауға құқылы.

71. Сенімгерлік басқаруға беру жөніндегі комиссия өз құзыреті шегінде шешім қабылдайды және мыналарды айқындайды:

1) сенімгерлік басқаруға берілетін активті;

2) сенімгерлік басқаруға беру тәсілін;

3) сенімгерлік басқаруға беру шарттарын және сенімгерлік басқарушыға қойылатын талаптарды;

- 4) кейіннен сатып алу құқығымен берілген жағдайда кейінгі сатып алу құнын;
- 5) кепілдік жарнаның мөлшерін белгілейді;
- 6) сыйақының шекті мөлшерін белгілейді.

72. Сенімгерлік басқаруға беру жөніндегі комиссияның шешімдері комиссия отырысының хаттамасымен рәсімделеді.

73. Объектіні конкурс өткізу арқылы сенімгерлік басқаруға беру кезінде Қоғам конкурс өткізу туралы хабарламаны Қоғамның интернет-ресурсында <https://www.spkkokshe.kz/> конкурс өткізілгенге дейін кемінде **10 (он) күнтізбелік күн бұрын** жариялайды, онда мынадай мәліметтер қамтылады:

- 1) конкурс шарттары және конкурс жеңімпазын айқындау критерийлері;
- 2) объектінің қысқаша сипаттамасы;
- 3) конкурс өткізілетін күні мен уақыты;
- 4) осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша мүлікті сенімгерлік басқаруға беру конкурсына қатысуға өтінім беру мерзімі (бұдан әрі – өтінім);
- 5) кепілдік жарнаның мөлшері және оны енгізуге арналған банктік деректемелер (кепілдік жарнаның мөлшері хабарлама жарияланғаннан кейін өзгертілмейді);
- 6) сыйақының шекті мөлшері (құрылтайшының сенімгерлік басқарудан түсетін таза кірісіне пайыздық қатынаста);

7) конкурсқа қатысушыға қойылатын талаптар.

74. Қатысушыға қойылатын жалпы біліктілік талаптары:

- 1) құқық қабілеттілігі болуы;
- 2) салық берешегінің жоқтығын растауы;
- 3) банкроттық рәсіміне және/немесе тарату/оңалту рәсіміне жатпауға тиіс (бірінші басшының қолымен расталған жазбаша түрде).

72. Конкурсқа қатысушылар конкурс өткізу туралы хабарламада көрсетілген мөлшерде, мерзімде және тәртіппен, көрсетілген деректемелер бойынша кепілдік жарнаны енгізеді.

73. Конкурсқа қатысушыларды тіркеу хабарлама жарияланған күннен бастап жүргізіледі және конкурс басталғанға дейін **2 (екі) сағат бұрын** аяқталады.

74. Әлеуетті қатысушы өтінімді конвертке салып, оны хабарламада белгіленген мерзім ішінде «Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы «KOKSHE» АҚ-на жібереді.

Ұсынылатын ақпаратта мыналар қамтылады:

- 1) Әлеуетті қатысушының толық атауы, БСН көрсетіле отырып;
- 2) Объектінің атауы;
- 4) пошталық мекенжайы;
- 5) Әлеуетті қатысушының біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттар;
- 6) кепілдік жарнаның енгізілгенін растайтын төлем құжаты.

75. Әлеуетті қатысушылардың конверттерін ашу рәсімі хабарландыруда/офертада көрсетілген уақытта және жерде өткізіледі. Өтінімдері бар конверттерді ашу кезінде Комиссия қоса берілген барлық құжаттарды тіркейді.

76. Егер конкурсқа қатысуға өтінімді жалғыз Әлеуетті қатысушы ұсынған жағдайда, оның конверті осы Қағидаларда көзделген негіздер бойынша ашылады.

77. Конверттерді ашу рәсімі аяқталғаннан кейін Комиссияның хатшысы Комиссия шешімінің хаттамасын жасайды (**хаттаманы рәсімдеу мерзімі – 3 жұмыс күні**), оған Комиссияның барлық мүшелері мен хатшысы қол қояды және ол қол қойылған күннен бастап **3 (үш) күнтізбелік күн ішінде** «Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы «KOKSHE» АҚ-ның интернет-ресурсында <https://www.spkkokshe.kz/> орналастырылады.

78. Өтінімдері бар конверттер ашылған сәттен бастап **3 (үш) жұмыс күні ішінде** Комиссия қоса берілген құжаттардың біліктілік талаптарына сәйкестігін тексеруге тиіс.

79. Өтінімдерді қарау кезінде Комиссия жазбаша түрде Әлеуетті қатысушылардан ұсынылған құжаттарға қатысты қосымша материалдар мен түсіндірмелерді өзі белгілеген мерзімде сұратуға құқылы, ал әлеуетті қатысушы сұрау салуды алған сәттен бастап **3 (үш) жұмыс күні ішінде** ақпаратты ұсынуға міндетті.

80. Конкурсқа қатысуға берілген өтінімдер мынадай жағдайларда біліктілік талаптарына сәйкес келмейді деп танылады:

1) Әлеуетті қатысушының осы Қағидаларда баяндалған жалпы біліктілік талаптарына сәйкес келмеуі;

2) Әлеуетті қатысушы ұсынған құжаттардың осы Қағидалардың **74-тармағында** көрсетілген тізбеге сәйкес келмеуі;

3) анық емес ақпарат ұсыну фактісі анықталған жағдайда.

81. Конкурс қорытындылары хаттамамен рәсімделеді. Хаттама конкурс нәтижелерін және жеңімпаз бен Компанияның конкурс арқылы айқындалған талаптарда шарт жасасу жөніндегі міндеттемелерін тіркейтін құжат болып табылады.

Хаттамада конкурсқа қатысушыларға кепілдік жарнаны қайтару туралы шешім, активтің атауы және жеңімпаз туралы ақпарат көрсетіледі.

Конкурс өтпеді деп танылған жағдайда, конкурстық комиссия конкурсқа қатысу үшін конкурстық ұсыныстар ұсынған барлық қатысушыларға конкурстың өтпеді деп танылуына негіз болған себепті көрсете отырып, бірақ сол негіздердің дұрыстығын дәлелдемей, жазбаша хабарлама жібереді.

Конкурс қорытындылары туралы хаттама жасалған күннен бастап **5 (бес) жұмыс күні ішінде** сенімгерлік басқарушыға қол қою үшін шарттың жобасы жіберіледі, ол оны алған күннен бастап **3 (үш) жұмыс күні ішінде** қол қоюға міндетті. Сенімгерлік басқарушы жолданған шарт жобасының талаптарымен келіспеген жағдайда, келіспеушіліктер хаттамасы ұсынылады, оны Уәкілетті ұйым **5 (бес) жұмыс күні ішінде** қарайды. Шартқа қол қоядан жалтарған жағдайда, мәмілені жасасу және орындау құқығы сенімгерлік басқарғаны үшін ең төменгі сыйақыны ұсынған келесі конкурсқа қатысушыға өтеді.

82. Шарттың қолданылу мерзімін ұзарту сенімгерлік басқарушы шарт талаптарын тиісінше орындаған жағдайда жүзеге асырылады.

9-бөлім. Төлемдер бойынша берешекті сотқа дейін реттеу тәртібі

83. Сатып алу-сату шарты шеңберіндегі төлемдер бойынша берешекке байланысты мәселелер мынадай тәртіппен реттеледі:

1) Сатып алу-сату шартының үлгілік талаптарына сәйкес төлемдерді Сатып алушы ай сайын есепті айдың **15 (он бесінші) күнінен кешіктірмей** төлейді. Көрсетілген мерзімде төлем жүргізілмеген жағдайда, СПК **30 (отыз) жұмыс күні ішінде** Сатып алушыға берешекті өтеу мерзімі **10 (он) жұмыс күнінен аспайтын** талап қояды (Претензияны) жолдайды;

2) Жолданған талап қоюда көрсетілген мерзімде берешек өтелмеген жағдайда, СПК Сатып алушыға бүкіл берешек сомасын өтеуді талап ете отырып, оны алған күннен бастап **30 күнтізбелік күннен аспайтын** мерзімде өтеу туралы сотқа дейінгі талап қояды жолдайды;

3) Егер сотқа дейінгі талап қоюда көрсетілген мерзімде берешек өтелмесе, СПК-ның жауапты бөлімшесі **5 жұмыс күні ішінде** СПК-ның құқықтық қамтамасыз ету жөніндегі құрылымдық бөлімшесіне (заң бөліміне) сот арқылы өндіріп алуды бастау туралы ұсыныспен қызметтік жазба жолдайды.

84. Сатып алушы төлем жөніндегі міндеттемені орындау мерзімін бұзған жағдайда, мерзімі өткен төлем сомасына мерзімі өткен бірінші күннен бастап берешек толық өтелгенге дейін әрбір күнтізбелік күн үшін **0,5 % (нөл бүтін оннан бес пайыз)** мөлшерінде өсімпұл есептеледі.

Бұл ретте есептелген өсімпұлдың жиынтық сомасы актив құнының **10 %-ынан (он пайызынан)** аспауға тиіс.

85. Сатып алушыдан немесе өзге төлеушіден түскен ай сайынғы төлем актив бойынша міндеттемелерді толық орындауға жеткіліксіз болған жағдайда, түскен ақша қаражаты мынадай кезектілікпен бөлінеді:

- бірінші кезекте – есептелген тұрақсыздық айыбын (өсімпұлды) өтеуге;
- екінші кезекте – шарт талаптарына сәйкес Сатып алушы төлеуге тиіс өзге де төлемдерді өтеуге;
- үшінші кезекте – төлемнің тағайындалуына қарамастан негізгі борышты (активтің құнын) өтеуге есептеледі.

10-бөлім. Қағидалармен реттелмеген мәселелер

86. Осы Қағидалармен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларына сәйкес шешіледі.

Қосымша 1

«KOKSHE» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамы активтерін иеліктен шығару қағидаларына

Нысан

Мүлікті сенімгерлік басқаруға беру жөніндегі конкурсқа қатысуға
ӨТІНІШ

1. Мынаны сенімгерлік басқаруға беру жөніндегі конкурс өткізу туралы жарияланған хабарламаны қарап:

(объектінің атауы)

_____ мерзімге және «KOKSHE» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамы активтерін иеліктен шығару қағидаларымен танысып, төменде қол қоюшы

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) немесе заңды тұлғаның атауы)
осы өтінішті конкурсқа қатысу үшін қабылдауды және «_» _____ 20 жылы өтетін конкурсқа қатысушы ретінде тіркеуді сұраймын.

2. Біз (мен) конкурсқа қатысу үшін жалпы сомасы:

(сомасы теңгемен, оның ішінде жазбаша көрсетіледі)

кепілдік жарнасын хабарламада көрсетілген шотқа енгіздік:

(жеке сәйкестендіру коды (бұдан әрі – ЖСК), банктік сәйкестендіру коды (бұдан әрі – БСК), төлем мақсатының коды, бенефициар коды (бұдан әрі – БКе))

Кепілдік жарнасы енгізілген сенімгерлік басқару объектілері туралы мәліметтер:

№ р/с Сенімгерлік басқару объектісінің атауы Аударылуға жататын кепілдік жарнасының сомасы, теңге

1

2

Барлығы:

Енгізілген кепілдік жарналары туралы мәліметтер:

№ р/с Кепілдік жарнасының мақсаты және конкурсқа қатысу үшін кепілдік жарнасы енгізілген сенімгерлік басқару объектісінің атауы Төлем құжатының № Төлем құжатының күні

Кепілдік жарнасының сомасы, теңге

1

2

Барлығы:

3. Қатысушыға қойылатын талаптарға біздің (менің) сәйкес келмейтіндігіміз анықталған жағдайда, біздің (менің) конкурсқа қатысу құқығынан айырылатындығымызға, ал конкурс жеңімпазы болған жағдайда, біз (мен) қол қойған Конкурс нәтижелері туралы хаттама мен Сенімгерлік басқару шартының жарамсыз деп танылатынына келісемін (келісеміз).

4. Егер біз (мен) конкурс жеңімпазы болған жағдайда, Конкурс нәтижелері туралы хаттамаға конкурс өткізілген күні қол қоюға және конкурс шарттарында, хабарламада көрсетілген талаптар негізінде Конкурс нәтижелері туралы хаттамаға қол қойылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей Сенімгерлік басқару шартын жасасуға міндеттенеміз (міндеттенемін).

5. Біз енгізген (мен енгізген) кепілдік жарнасының сомасы мынадай жағдайларда қайтарылмайтынына және кіріске жіберілетініне келісемін (келісеміз):

конкурс өткізілгенге дейін 3 (үш) жұмыс күнінен аз уақыт қалғанда конкурсқа қатысудан бас тартқан жағдайда;

хаттамаға немесе шартқа қол қоймаған жағдайда;

объектіні сенімгерлік басқару құқығынан бас тартқан жағдайда.

6. Осы өтініш Конкурс нәтижелері туралы хаттамамен бірге Сенімгерлік басқару шарты жасалғанға дейін қолданылатын шарттың күшіне ие.

7. Өзім (өзіміз) туралы мәліметтерді ұсынамын (ұсынамыз):

Заңды тұлғаның атауы: _____

Бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН): _____

Басшысының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса): _____

Мекенжайы: _____

Телефон нөмірі: _____

Кепілдік жарнасын төлеген тұлғаның жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН)/БСН:

Өтінішке қоса беріледі:

_____.

Өтінішке қоса беріледі:

_____.

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), заңды тұлғаның атауы және басшысының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

«_» _____ 20 жыл

Қосымша 2

«KOKSHE» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамы активтерін иеліктен шығару қағидаларына

Конкурстық комиссия отырысының ХАТТАМАСЫ

№ _____

Көкшетау қ. _____ 202_ жыл

Уәкілетті ұйым: _____.

Конкурс объектісінің атауы: _____.

Конкурстық комиссия отырысының өткізілетін орны: Көкшетау қ.

Конкурстық комиссия отырысының уақыты:

«__» 202_ жылғы сағат __ 00 минутта ашылды.

«__» 202_ жылғы сағат __ 00 минутта жабылды.

Конкурстық комиссияның құрамы:

№ Т.А.Ә. Ұйымдағы лауазымы Комиссиядағы рөлі

1 Комиссия төрағасы

2 Комиссия мүшесі

3 Комиссия мүшесі

4 Комиссия мүшесі

5 Комиссия мүшесі

Комиссия хатшысы

Конкурстық комиссияның ____ мүшесінің ішінен отырысқа ____ адам қатысты, ____ адам _____ себебіне байланысты қатыспады.

Шешім қабылдау үшін кворум бар.

Сенімгерлік басқару объектісі туралы жалпы ақпарат:

Аукционға қатысуға өтінімдерді мына әлеуетті қатысушылар ұсынды:

№ Әлеуетті қатысушының атауы БСН Әлеуетті қатысушының мекенжайы (облыс, қала, көше, үй, пәтер) Өтінімді ұсыну күні мен уақыты (хронологиялық тәртіппен)

1 «_____» ЖШС/ЖК «__» _____ 202 жыл, сағат ____

Өтінімді ұсыну уақыты мен талаптары Қағидалардың регламентіне сәйкес келеді, бұзушылықтар анықталған жоқ (анықталды).

Конкурстық құжаттамада көзделген құжаттарға толықтырулар енгізу туралы ақпарат:

№ Әлеуетті қатысушының атауы БСН Құжаттың атауы

1

Конкурстық комиссия мүшелерінің дауыс беру нәтижелері:

№ р/с	Комиссия мүшесінің Т.А.Ә.	Қолдаймын	Қарсымын	Қалыс қалды
1				
2				
3				
4				
5				

Дауыс беру қорытындылары:

«Қолдаймын» – _____ дауыс;

«Қарсымын» – _____ дауыс;

«Қалыс қалды» – _____ дауыс.

Шешім көпшілік дауыспен қабылданды.

Комиссияның шешімі:

Конкурстық комиссияның құрамы:

Комиссия төрағасы _____

Комиссия мүшесі _____

Комиссия мүшесі _____

Комиссия мүшесі _____

Комиссия хатшысы _____

Қосымша 3

«KOKSHE» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамы активтерін иеліктен шығару қағидаларына

Нысан

Мүлікті сату (тікелей мекенжайлық сату) жөніндегі конкурсқа қатысуға

ӨТІНІШ

1. Мынаны сату жөніндегі конкурс өткізу туралы жарияланған хабарламаны қарап:

(объектінің атауы)

және «KOKSHE» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамы активтерін иеліктен шығару қағидаларымен танысып, төменде қол қоюшы(лар):

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) немесе заңды тұлғаның атауы)

мүлікті сату жөніндегі конкурсқа қатысу үшін өтінішті қабылдауды және «» _____ 20 жылы өтетін конкурсқа қатысушы ретінде тіркеуді сұраймын.

2. Біз (мен) конкурсқа қатысу үшін жалпы сомасы:

(сомасы теңгемен, оның ішінде жазбаша көрсетіледі)

бастапқы жарнаны хабарламада көрсетілген шотқа енгіздік:

(жеке сәйкестендіру коды (бұдан әрі – ЖСК), банктік сәйкестендіру коды (бұдан әрі – БСК), төлем мақсатының коды, бенефициар коды (бұдан әрі – БКе))

Бастапқы жарнасы енгізілген сату объектілері туралы мәліметтер:

№ р/с	Сату объектісінің атауы	Бастапқы жарнасының сомасы, теңге
-------	-------------------------	-----------------------------------

1

2

Барлығы:

Енгізілген бастапқы жарналар туралы мәліметтер:

№ р/с	Бастапқы жарнаның мақсаты және конкурсқа қатысу үшін бастапқы жарнасы енгізілген сату объектісінің атауы	Төлем құжатының №	Төлем құжатының күні	Бастапқы жарнаның сомасы, теңге
-------	--	-------------------	----------------------	---------------------------------

1

2

Барлығы:

3. Конкурсты өткізу шарттарымен, конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптармен, сондай-ақ конкурс өткізу туралы хабарламада көрсетілген мүлікті сату талаптарымен келісемін (келісеміз).

4. Біз (мен) конкурс жеңімпазы деп танылған жағдайда, Конкурс нәтижелері туралы хаттамаға қол қоюға және «KOKSHE» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамы активтерін иеліктен шығару қағидаларында белгіленген мерзімдерде және талаптарда мүлікті сатып алу-сату шартын жасасуға міндеттенеміз (міндеттенемін).

5. Біз (мен) конкурс жеңімпазы деп танылған жағдайда, енгізілген бастапқы жарна сатып алынған мүліктің құнын төлеу есебіне сатып алу-сату шартының талаптарына сәйкес есептелетініне келісемін (келісеміз).

6. Осы өтініш Конкурс нәтижелері туралы хаттамамен бірге мүлікті сатып алу-сату шарты жасалғанға дейін қатысушының мүлікті конкурс өткізу туралы хабарламада көрсетілген талаптарда сатып алу ниетін растайды.

7. Өзім (өзіміз) туралы мәліметтерді ұсынамын (ұсынамыз)

Заңды тұлғаның атауы:

Бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН):

Басшысының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса):

Мекенжайы:

Телефон нөмірі:

Бастапқы жарнаны төлеген тұлғаның жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН)/БСН:

Өтінішке қоса беріледі:

_____;
_____;
_____;
_____.

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), заңды тұлғаның атауы және басшысының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

«» _____ 20 жыл